

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 1 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары, құрметті әріптестер! Парламенттің кезекті сессиясындағы Сенаттың алғашқы отырысын бастаймыз. Депутаттарды тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Бүгін Парламенттің кезекті сессиясы өз жұмысын бастады. Ең алдымен баршаңызды сессияның ашылуымен құттықтаймын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Парламенттің бірлескен отырысын қалыптасқан дәстүр бойынша Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ашып, Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Жолдау әрдайым ел дамуының басым бағыттары мен алдағы мақсат-міндеттерді айқындап беруімен маңызды.

Бұл жолы Мемлекет басшысы еліміздегі экономикалық саясаттың жаңа моделін қалыптастыруға басымдық берді.

Өздеріңізге белгілі, бүгінгі әлемдегі күрделі ахуал мемлекеттердің дамуына әсерін тигізуде. Осындай қиын кезеңде Президентіміз халықтың тұрмыс сапасын арттыруға баса мән беріп отыр.

Жолдауда жаңа экономикалық саясаттың нақты әрі тиімді тетіктері анықталды. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жүйелі механизмдері көрсетілді. Бәріне бірдей түсінікті, ашық, әділетті салық саясатын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды. Инвестиция тартуға қолайлы бизнес-климат қалыптастыруға үлкен мән берілді. Елімізді индустрияландыру кезеңдерінде қордаланған проблемаларды шешіп, бұл үдерісті сапалы жүргізуді тапсырды.

Ауқымды инфрақұрылымдық серпіліс жасау арқылы өңірлердің де дамуына жаңа тыныс беру көзделіп отыр.

Жалпы, Мемлекет басшысы қолға алып отырған саясат халықтың әл-ауқатын арттыруға және баршаға тең мүмкіндік беруге бағытталған. Яғни, бұл бастамалар әділеттілік қағидатының барлық салада жүзеге асуына мүмкіндік жасайтыны сөзсіз.

Уважаемые коллеги! Сегодня в Послании народу Казахстана Президент страны Касым-Жомарт Кемелевич Тоқаев изложил основные параметры новой модели экономической политики. Глава государства обозначил четкие и конкретные меры по

дальнейшей диверсификации экономики. Большое внимание уделено поддержке малого и среднего бизнеса, развитию промышленного потенциала страны, привлечению инвестиций и развитию сельского хозяйства.

Все предложенные меры будут способствовать сбалансированному и качественному развитию нашей страны в условиях непростой геополитической ситуации в мире.

Для эффективной реализации обозначенных инициатив необходима консолидация государственных и общественных институтов. В этой связи Сенат Парламента готов к активной работе по законодательному обеспечению Послания и предложенных реформ. Эту работу мы будем вести совместно с коллегами из Мажилиса, Правительства, экспертами и заинтересованными гражданами. Уверен, совместными усилиями реализуем все инициативы Президента страны, направленные на дальнейшее повышение уровня жизни наших граждан и поступательное развитие Казахстана.

Құрметті әріптестер! Сіздер жаз бойы аймақтарда болып, халықпен және жергілікті билік өкілдерімен 580-нен астам кездесу өткіздіңіздер. Айтылған ұсыныс-пікірдің бәрін назарға алуымыз қажет.

Сонымен қатар заңнамалық жұмысты жүргізген кезде барлық әлеуметтік топтардың және өңірлердің пікірін ескерген жөн. Сондай-ақ жұмыс сапалы болуы үшін сарапшылар қауымдастығымен, ғалымдармен, қоғамдық институттармен ынтымақтастықты жалғастырған абзал. Осындай жан-жақты, толыққанды, жүйелі жұмыс тәсілі Президент тапсырмаларын сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Жалпы, алдағы уақытта Мемлекет басшысы белгілеп берген міндеттерді бәріміз бірге нәтижелі іске асыруымыз қажет. Бәріміздің басты мақсатымыз – егемен елімізді одан әрі дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы бағытта өздеріңізбен бірлесіп сессия барысында табысты еңбек етеміз деп сенемін.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Электрондық жүйенің пайдаланылуын және оған қызмет көрсететін персоналдың жұмысын бақылау жөніндегі комиссияны құру туралы.

Электрондық жүйе Сенат отырыстарында депутаттарды тіркеу, сондай-ақ сөз сөйлеуге жазылу, дауыстарды санау үшін және өзге де мақсаттарда қолданылады.

Сенат Регламентіне сәйкес аталған комиссияның құрамы Палата отырысында бекітіледі. Комиссия құрамы бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Согласно пункту 21 Регламента Сената для решения вопросов, связанных с контролем за использованием электронной системы и работой обслуживающего ее персонала на заседаниях Сената, Палата вправе создать комиссию из числа депутатов. В настоящее время соответствующая комиссия действует в составе, определенном постановлением Сената Парламента Республики Казахстан № 883-6 от 14 января 2021 года.

Вместе с тем в связи с изменениями в составе депутатского корпуса с начала текущего года, связанными с состоявшимися выборами в Сенат, следует избрать новых членов комиссии. В этой связи в состав Комиссии по контролю за использованием электронной системы и работой обслуживающего ее персонала на заседаниях Сената предлагаю следующих кандидатов:

себя как председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам;

Асанову Жанну Бейсентаевну – члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности;

Орынбекова Бекболата Серикбековича – члена Комитета по финансам и бюджету.

Прошу поддержать. Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса аталған комиссияны құру жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Сауалдар бар ма, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 1 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Электрондық жүйенің пайдаланылуын және оған қызмет көрсететін персоналдың жұмысын бақылау жөніндегі комиссияны құру туралы

О создании Комиссии по контролю за использованием электронной системы и работой обслуживающего ее персонала

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЛУКИН А.И. 2

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директорының
міндетін атқарушы



Н. Уразбаев

Стенографиялау қызметінің
басшысы



Г. Молдашева